Түркістан облысы
Арыс қаласы
Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебі.

# Ашық сабақ

# "Қобыланды батыр" жыры

$5^{А}$-сынып

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі: Г.Уткельбаева

2022-2023 оқу жылы

**Қысқа мерзімді сабақ жоспары**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** «Таза, мінсіз асыл сөз» | **Мектеп: Ж.Тәшенов ЖОМ** **Тексерілді:** | |
| **Күні:11.10.2022ж** | **Мұғалімнің аты-жөні: Г.Уткельбаева** | |
| **Сынып: 5а** | **Қатысқан оқушылар саны:** | **Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **«Қобыланды батыр» жырының тәрбиелік мәні** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 5.3.1.1- шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау.<br>5.3.2.1- Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау. | |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** «Қобыланды батыр» жырындағы құндылықтарды анықтау;<br>**Көпшілігі**: шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын анықтау;<br>**Кейбір оқушылар:** шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау. | |
| **Бағалау критерийлері** | • шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығына баға береді.<br>Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды.. | |

**Жоспар**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Ұйымдастыру кезеңі.** Сынып оқушылары түгенделеді. Оқушылар назары сабаққа аударылады.<br>**Топқа бөлу.** Жұптасу: түрлі-түсті кілттер арқылы<br>Бірдей түсті кілтке ие болған оқушылар жұп құрайды. Осы кілттер арқылы біз бүгінгі сабақта «Қобыланды батыр» жырының сырын ашып, жұмбағын шешеміз.<br> <br>***I. Қызығушылықты ояту кезеңі.***<br>***- Балалар, құндылық дегеніміз не?*** | Оқушылар топқа бөлінеді.<br><br>Оқушылар құндылық сөзінің мағынасын ашады. Бүгінгі тақырыппен байланысын нақтайды.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен | **ҚБ «Түстер»**<br> | <u>5-сынып «Қазақ әдебиеті»</u> |



| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Оқушылар ойларын дәлелдеп, тірек сөзді бүгінгі тақырыппен байланыстырады.<br>**Сабақтың тақырыбы мен мақсаты анықталады.** | мақсаты анықталады. | | |
| Сабақтың ортасы | ***Ширату тапсырмасы***<br>***Үлестірме қағаздағы сұрақтарға жауап беру арқылы өткен сабақты еске түсіреді.***<br>*Қобыландының әкесінің есімі?*<br>*Анасының есімі?*<br>*Қарлығаш кім?*<br>*Қобыландыны мергендікке, жауынгерлікке үйреткен кім?*<br>*Көктім Аймақ не деп жар салды?*<br>*Қобыланды Құртқаға қалай үйленді?*<br>*Қобыланды Сәлімбай ағасынан келіннің көрімдігіне не сұрады?*<br>*Тайбурылды қалай бағып өсірді?*<br>*Тұлпардың 43 күндік кемдігі қайдан білінді?*<br>*Қазан деген ер қай қалаларды басып алыпты?*<br>*Қазанмен айқасуға қайсы батыр шықты?*<br><br>*2-тапсырма*<br>*Әр топқа берілген үзіндіден халқымыздың өмірінде, салт-дәстүрінде кездесетін құндылықтарды табыңдар.*<br>***Құндылық түрлері:***<br>***Отбасындағы сыйластық, адамгершілік, Отанды қорғау, салт-дәстүр (енші беру, бата беру, көрімдік беру) жылқыны баптау т.б.***<br><br>*1-үзінді-*<br>**1-үзінді**<br>Тоқтау салды Естеміс,<br>Жібергісі келмей баланы.<br>«Батаңды бер, кәке», – деп,<br>Алдын-артын орады. | Оқушылар тақырыпқа байланысты мәлімет алады.<br><br>**Оқушылар ғаламтор, мұғалім ұсынған ресурстар көмегімен «Қобыланды батыр» жырының тарихи құндылығы бойынша зерттеу жүргізеді .**<br><br>Жырды оқи отырып, Қобыланды мен Қараманның іс-әрекеттерін бағалап, мінездеме береді. | **ҚБ «Түстер»**<br> | **«Қобыланды батыр» жыры** |

Жад* қыламын, Естеке,
Жеті кәміл бабаны.
Барғысы келіп батырдың
Тоқтамайды табаны.
Естемістей ерінің
Таусылғасын амалы
Батасын беріп қол жайып,
Жад қылады Құданы,*
Үстіне сауыт кигізді,
Жанына байлап болатты,
Беліне садақ ілгізді.
«Тапсырдым,- деп Жалғызға!»
Амандасып жүргізді.

## 3-тапсырма

**Тапсырма**
Жырдағы кейіпкерлердің портреті мен іс-әрекетін талдаңыз. Өз пікіріңізді білдіре отырып, кейіпкерлердің іс-әрекетін шынайы өмірмен салыстыра сипаттаңыз.

| Кейіпкер | портреті (жыр бойынша) | іс-әрекеті (жыр бойынша) | XXI ғасырда .... (қазіргі өмірге сай өз пікірі) |
|---|---|---|---|
| Қобыланды | | | |
| Құртка | | | |
| Қараман | | | |

**Дескриптор** *Білім алушы*
- жырдағы кейіпкерлердің портретін анықтайды;
- кейіпкерлердің іс-әрекетіне 2 мысал жазады;
- кейіпкерлердің портреті мен іс-әрекетін шынайы өмірмен салыстыра отырып, өз пікірімен сипаттайды.

Оқушылар берілген тақырыпта өз қорытынды ойларын жазып, жырдың тәрбиелік мәніне баға береді. Үздік эсселер «Автор орындығында» оқылады.

**ҚБ «Түстер»**



| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Рефлексия**<br>**«Аяқталмаған сөйлем» әдісі**<br>Бүгін мен..................... білдім<br>.......................... қызықты болды.<br>.................................. қиын болды.<br>.................... тапсырманы мен орындадым.<br>................................ екенін түсіндім.<br>Мен енді.............................. білемін.<br>Мен.............................. сезіндім<br>Мен.................................... білім алдым.<br>Мен........................................ үйрендім.<br>................................ менің қолымнан келді.<br>Мен..................................... жасай алдым.<br>Мен................................... жасап көруге талпынамын.<br>................. мені таң қалдырды.<br>Сабақ менің өміріме....................... берді.<br>Менің..................................................... жасағым келді. | | | |
| Сабақтың соңы | *Рефлексия:*<br>**«3 Қ: қызық, қиын, құнды».**<br>Оқушылар өздері үшін сабақта не қызық, қиын, құнды болғанын айтып, іс-әрекетіне баға береді.<br>Мұғалім қорытынды кері байланыс береді. | | | |

**Қосымша ақпарат**

| Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз? | Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз? | Пәнаралық байланыс<br>Қауіпсіздік ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент) |
|---|---|---|
| | | |